

OÑTÜSTİK QAZAQSTAN <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасы		044-73/11-96
Силлабус		16 беттің 1 беті

**Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы»  
АҚ жанындағы медицина колледжі**

**Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы**

**СИЛЛАБУС**

Пән коды: ЖББП 14

Пәні: Алғашқы әскери және технологиялық дайындық

Мамандығы: 09120100 «Емдеу ісі»

Біліктілігі: 4S09120101 «Фельдшер»

Мамандығы: 09130100 «Мейіргер ісі»

Біліктілігі: 4S09130103 «Жалпы практикадағы мейіргер»

Мамандығы: 09110100 «Стоматология»

Біліктілігі: 4S09110102 «Дантист»

Мамандығы: 09110200 «Ортопедиялық стоматология»

Біліктілігі: 4S09110201 «Тіс технигі»

Оқу сағаттарының/кредиттердің көлемі: 96/4

Теория: 96 с.

Курс: 1

Семестр: 2

Бақылау түрі: диф.сынақ

OÑTÜSTİK QAZAQSTAN <b>MEDISINA          AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL          ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасы Силлабус	044-73/11-96 16 беттің 2 беті


«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні бойынша силлабус жұмыс оқу бағдарламасы негізінде құрастырылды.

Оқытушы: Белгибаев Е.Ш.

Мамандығы: 09120100 «Емдеу ісі»  
 Біліктілігі: 4S09120101 «Фельдшер»  
 Мамандығы: 09130100 «Мейіргер ісі»  
 Біліктілігі: 4S09130103 «Жалпы практикадағы мейіргер»  
 Мамандығы: 09110100 «Стоматология»  
 Біліктілігі: 4S09110102 «Дантист»  
 Мамандығы: 09110200 «Ортопедиялық стоматология»  
 Біліктілігі: 4S09110201 «Тіс технигі»

«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасының мәжілісінде қаралды.

Хаттама № 1 «27» 08 2024 ж.

Кафедра меңгерушісі:  А.Т. Сатаев

«Жалпы білім беретін пәндер» Пәндік циклдік комиссия мәжілісінде қаралды.

Хаттама № 1 «28» 08 2024 ж.

Төрайымы:  Г.Т. Анапияева

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ жанындағы медицина колледжінің Әдістемелік Кеңесінде қаралды және бекітілді.

Хаттама № 1 «29» 08 2024 ж.

Төрайымы:  Г.С.Рахманова

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казакстанская медицинская академия»
«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасы		044-73/11-96
Силлабус		16 беттің 3 беті

### Оқытушылар туралы мәлімет

№	Аты -жөні	Дәрежесі және лауазымы	Қызметі	Жүргізетін пәні	Эл. м/ж.
1	Белгибаев Ерлан Шамидинович		Оқытушы	Алғашқы әскери және технологиялық дайындық	Belgibaeb1982@bk.ru.

#### 1.1.Кіріспе

Кіріспе сабақты өткізу кезінде жастарды әскери қызметке даярлау және Қазақстан Республикасын қорғауға, алғашқы әскери дайындықтың оқу бағдарламасының талаптарын орындау үшін адамгершілік-жігер, психологиялық және денелік сапаларды жұмылдыра білу қажеттілігіне баса назар аударылады.

Алғашқы әскери дайындықты оқытушы-ұйымдастырушы әскери іс негіздерін оқыту үдерісінде жастардың бойында азаматтық таным, Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін қорғау қажеттілігіне деген сенімділік, әскери қызметке деген саналы жауапкершілікті қалыптастыру тәрбиелеу мен оқытудың басты міндеттерін шешеді.

#### 1.2. Пәннің саясаты:

- сабақтан себепсіз қалмау;
- білім алушының өзіндік жұмыстарын уақтылы кесте бойынша тапсыру;
- сабаққа қажетті оқу-әдістемелік кешеннің электрондық нұсқасын алу;
- сабаққа медициналық терминдер сөздігімен келу;
- белгіленген сөздік минимумды өз мерзімінде жаттап алу;
- сабақ үстінде басқа іспен шұғылданбау;
- сабырмен өзін-өзі ұстай білу, оқытушыларды және өзімен бірге оқитын жолдастарын сыйлау, мейірімді болу;
- сырт көрінісі мен киім үлгісіне тиянақты болу;
- кафедраның мүліктеріне қамқорлық жасау.

Білім алушы сабақтан қалған және өтем қағазы арқылы өтемеген, сабақ үлгерімінің 50%-ын жинамаған жағдайда емтиханға жіберілмейді.

#### 1.3. Пәннің мақсаты:

Пәннің мақсаты – білім алушыға мемлекетті қорғау негіздері туралы ойының қалыптасуын, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің арнауын және түрлері мен ерекшеліктерін түсіндіру, әскери қызметтің маңызын, Қазақстан Республикасының әр азаматының қасиетті парызы және міндетін оқыту.

#### 1.4.Оқыту міндеттері:

Пәннің міндеттері:

- 1) әскери анттың, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жарғыларының негізгі талаптары туралы білімін қалыптастыру;
- 2) әскери бөлімдердің қару-жарағы мен әскери техникасы, жеке құрамның өмірі мен орналасуымен таныстыру;
- 3) қажетті әскери білім мен практикалық дағдыларды ақпараттық технологияны пайдалана отырып робототехникада, дөңгелекті машиналарды жүргізудің негіздері және төтенше жағдайда адам өмірі қауіпсіздігі негіздерінде қалыптастыру;
- 4) жастарға қазақстандық патриотизм мен Отанына деген адалдық сезімін дарытуға тәрбиелеу;
- 5) әскери істерге байланысты мамандық кәсібіне оң көзқараста тәрбиелеу;
- 6) оқу пәні қазақстан әскерінің даму тарихымен танысу және оның бүгінгі жай- күйін оқу арқылы әскери тұрғыдан жігерлі, батыл, денсаулығы мықты, білімді тұлғаны дамытуға бағытталған.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасы Силлабус	044-73/11-96 16 бетің 4 беті	

7) жеке қауіпсіздік және қоршаған ортаның қауіпсіздігі мәселелеріне саналы және жауапты қарым-қатынасты қалыптастыру.

### **1.5. Оқытудың соңғы нәтижелері:**

**Білімі мен түсінігі:** Оқыту нәтижесінде білім алушы пән мақсатын және міндеттерін біле алатындығын көрсете алады. Болашақ маман кәсіби тілді өз кәсібінің шеңберінде науқаспен қарым-қатынас жасай алады және оған кеңес беріп, пікір білдіре алады. Жұртшылықпен тұрақты байланыс жасайтын кәсіби мамандардың сөз мәдениетін, кәсіпке қатысты лексика мен терминологияны меңгереді.

**Білімі мен түсінігін қолдана білу:** Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінде теориялық сабақтармен қатар тәжірибелік сабақтар да қарастырылған. Теориялық сабақтарда әр түрлі дидактикалық көрнекі құралдармен түсіндіру сабақтары және жаңартылған әдістерді қолдану арқылы өткізіледі. Тәжірибелік сабақтарда әскери құралдар мен әскери-техникалық жабдықтарды пайдалана отырып жұмыстар жүргізіледі.

Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәні толық оқу жылында 90 сағат көлемінде оқытылады. (Оның 30 сағаты оқу-далалық жиынына берілген).

Білім алушылардың практикалық дағдылары мен біліктіліктерін шыңдау және жетілдіру, сонымен қатар әскери істі оқып-үйренуге деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында оқу жылының соңында ер балалармен 30 сағат көлеміндегі бес күндік оқу-далалық (лагерьлік) жиыны өткізіледі.

Ал қыз балалармен медициналық білім негіздері тарауы бойынша арнайы мамандармен 30 сағат көлемінде тәжірибелік сағаттар өткізіледі

**Ой-пікірді қалыптастыру:** Алғашқы әскери дайындықты оқытушы-ұйымдастырушы әскери іс негіздерін оқыту үдерісінде жастардың бойында азаматтық таным, Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін қорғау қажеттілігіне деген сенімділік, әскери қызметке деген саналы жауапкершілікті қалыптастыру тәрбиелеу мен оқытудың басты міндеттерін шешеді.

**Оқыту дағдылары немесе оқуға қабілеттері:** Оқыту нәтижесінде білім алушы ақпаратты жинақтап, оны керекті бағытта жан-жақты талқылай алады..

**Коммуникативтік қабілеттері:** Оқыту нәтижесінде білім алушы қарастырылатын салада өз бетінше алынған білімдерін, өз пікірлерін жеткізе алады, ақпаратты талдау және тұжырымдай алу қабілеттерін көпшілік алдында көрсете алады.

**1.6. Реквизитке дейінгі:** мектеп бағдарламасындағы алғашқы әскери және технологиялық дайындық

**1.7. Реквизиттен кейінгі:** мамандығына қатысты салалық пәндер

### **1.8. Пәннің қысқаша мазмұны**

Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінде теориялық сабақтармен қатар тәжірибелік сабақтар да қарастырылған. Теориялық сабақтарда әр түрлі дидактикалық көрнекі құралдармен түсіндіру сабақтары және жаңартылған әдістерді қолдану арқылы өткізіледі. Тәжірибелік сабақтарда әскери құралдар мен әскери-техникалық жабдықтарды пайдалана отырып жұмыстар жүргізіледі.

Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәні толық оқу жылында 90 сағат көлемінде оқытылады. (Оның 30 сағаты оқу-далалық жиынына берілген).

Білім алушылардың практикалық дағдылары мен біліктіліктерін шыңдау және жетілдіру, сонымен қатар әскери істі оқып-үйренуге деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында оқу жылының соңында ер балалармен 30 сағат көлеміндегі бес күндік оқу-далалық (лагерьлік) жиыны өткізіледі.

Ал қыз балалармен медициналық білім негіздері тарауы бойынша арнайы мамандармен 30 сағат көлемінде тәжірибелік сағаттар өткізіледі.

### **3.9. Пәннің тақырыптық жоспары**

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасы		044-73/11-96
Силлабус		16 беттің 5 беті

№	Сабақтың тақырыбы	Қысқаша мазмұны	Сағат саны
<b>Кіріспе</b>			
<b>1 бөлім. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері – мемлекеттік қауіпсіздіктің кепілі.</b>			
1	Мемлекет қорғанысының конституциялық негіздері.	Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің мақсаты, міндеттері мен мазмұны.	2
2	Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери рәміздері. Экстремизм және терроризмнің ұлттық қауіпсіздікке тигізетін салдары. Экстремизм түрлері	Мемлекет қорғанысының конституциялық негіздері – Мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі Қазақстан Республикасы Конституциясының негізгі ережелері.	3
<b>2 бөлім. Әскери қызметтің құқықтық негіздері.</b>			
3	Әскери қызмет – Қазақстан Республикасы азаматтарының мемлекеттік қызметінің ерекше түрі.	Әскери қызмет – Қазақстан Республикасы азаматтарының мемлекеттік қызметінің ерекше түрі – Әскери қызметті өткеру қажеттілігі. Қазақстан Республикасы азаматтарының әскери міндеттері туралы заңдары;	2
4	Қазақстан Республикасы азаматтарының әскери міндеттерін сақтау. Әскери қызметшінің мәртебесі. Әскери қызметшілердің негізгі құқықтары мен міндеттері.	Қазақстан Республикасы азаматтарының әскери міндеттерін сақтау – Әскери есепке алу, әскери қызметке даярлау, әскери қызметке кірісу.	3
<b>3 бөлім. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құрылымдарының жалпыәскери жарғылары.</b>			
5	Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері, басқа әскерлер және әскери құрылымдарының жалпыәскери жарғылары.	Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері, басқа әскерлер және әскери құралымдарының жалпыәскери жарғылары – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері, басқа әскерлер және әскери құралымдарының жалпыәскери жарғылары, олардың әскери ұжым қызметі мен тұрмыс-тіршілігіндегі маңызы.	2
6	Әскери қызметкерлер және олардың өзара қарым-қатынастары. . Әскери тәртіп, оның мәні мен маңызы.	Әскери қызметкерлер және олардың өзара қарым-қатынастары –Бастықтар және бағыныштылар, аға және кіші әскерилер, олардың құқықтары мен міндеттері. Әскери әдептілік ережесі және әскери қызметкерлердің тәртібі. Бұйрық, оны беру және орындау тәртібі. Бастықтарға және шені жоғарыларға мәлімдеме	3

OҢTҮСТІК QAZAQSTAN <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасы	044-73/11-96
Силлабус	16 беттің 6 беті

		жасауды;	
<b>4 бөлім. Тактикалық дайындық.</b>			
7	Мотоатқыш бөлімшесінің ұйымдастыру және ұрыстық мүмкіндіктері.	Мотоатқыштар бөлімшесін ұйымдастыру және ұрыстық мүмкіндіктері – Бөлімшені ұйымдастыру. Штаттық қарулану және ұрыстық техника. Бөлімшенің ұрыстық мүмкіндіктерін қамтиды.	2
<b>5 бөлім. Атыс дайындығы.</b>			
8	Калашников автоматы және қол пулеметі.	Калашников автоматы және қол пулеметі – Қару және патрондарды қолдану кезіндегі қауіпсіздік шаралары. Калашников автоматы және қол пулеметінің атқаратын қызметі, ұрыстық қасиеті, жалпы құрылысы және жұмыс істеу механизмін;	3
9	Калашников автоматын (қол пулеметін) жартылай бөлшектеу және жинақтау. Калашников автоматын (қол пулеметін) атуға дайындау.	Калашников автоматын (қол пулеметін) жартылай бөлшектеу және жинақтау – Автоматты жартылай бөлшектеу және жинақтау; Калашников автоматының атқаратын қызметі, бөлшектері мен механизмдерінің, патронының құрылысын;	2
10	Жарықшақты қол гранаталары.	Жарықшақты қол гранаталары – Жарықшақты қол гранаталарының (РГД-5, РГН, Ф-1, РГО) атқаратын қызметі және ұрыстық қасиеті. Гранаталар мен тұтандырғыштың құрылысы. Гранатаны лақтырған кездегі бөлшектері мен механизмдерінің жұмысы.	3
11	Ату негіздері. Ату ережесі.	Ату негіздері – Атыс құбылысы. Оқтың бастапқы ұшу жылдамдығы. Қарудың тебілісі. Траекторияның пайда болуы. Оқтың тесіп өту және қиратқыш әрекеті. Тура атудың практикалық маңызы;	2
<b>6 бөлім. Саптық дайындық.</b>			
12	Сап және оның элементтері. Саптық тұрыс.	Сап және оның элементтері. Саптық тұрыс – Сап және оның элементтері. Алдын-ала және орындауға берілетін пәрмендер. Сапқа тұрғанға дейінгі және саптағы сарбаздың міндеттері Саптық тұрыс. «Сапқа тұр!», «Түзел!», «Тік тұр!», «Еркін тұр!», «Реттел!», «Токтат!», «Бас киімдерінді (киімді) ШЕШ!», «Бас киімдерінді (бас киімді) КИ!» пәрмендерін орындауды;	3




OÑTÜSTİK QAZAQSTAN <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасы Силлабус	044-73/11-96 16 беттің 7 беті

13	Бір орында орындалатын бұрылулар. Саптық және жорықтық адыммен қозғалу.	Бір орында орындалатын бұрылулар. Саптық және жорықтық адым – Бір қатарлы саптан екі қатарлы сапқа және қайтадан бір қатарлы сапқа тұру. Саптық және жорықтық адыммен қозғалысты қамтиды.	2
14	Саптық тәсілдер және қозғалыс	Саптық тәсілдер және қозғалыс – Саптық тәсілдерді орнында тұрып орындау. Қозғалыста орындалатын саптық тәсілдер;	3
15	Бөлімшені сапқа тұрғызу.	Бөлімшені сапқа тұрғызу – Бөлімшенің кеңейтілген сапқа тұруы. Бөлімшені жорықтық сапқа тұрғызу. Саптық тәсілдерді орнында және қозғалыста орындау.	2
<b>7 бөлім. Әскери топография.</b>			
16	Жергілікті жерде картасыз бағдарлау.	Жергілікті жерде картасыз бағдарлау – Бағдарлау туралы түсінік. Компаспен, аспан денелерінің және жергілікті заттар бойынша көкжиек тұстарын анықтау. Өзінің орналасқан жері туралы мәлімдеме жасауды қамтиды;	3
17	Магнитті азимутты анықтау.	Магнитті азимутты анықтау – Азимут және оны анықтау. Жергілікті жерде бағдарлаудың заманауи дербес жабдықтары. Спутниктік-навигациялық жүйелер туралы жалпы мәліметтерді қамтиды: GPS (Global Positional System), ГЛОНАСС (Глобальная Навигационная Спутниковая Система-Жаһанды Новигациялық Жерсерік Жүйесі), Galileo.	2
<b>8 бөлім. Әскери роботты техникалардың негіздері.</b>			
18	Әскери роботты техникалардың негіздері.	Әскери роботты техникалардың негіздері – Роботтар туралы жалпы мәліметтер. Роботтарды әскери істе пайдалануды;	2
	№1 Аралық бақылау	1-18 тақырыптар бойынша әзірленген жаттығулар орындау.	1
19	Роботтарды басқару алгоритмі. Роботтарға арналған тапсырмалар.	Роботтарды басқару алгоритмі – Роботтың қозғалу траекториясын жоспарлау. Роботтар тобын ұжымдық басқару үлгісі және алгоритмдерін;	2
<b>9 бөлім. Өмір қауіпсіздігі және ақпараттық технологиялар негіздері.</b>			

OÑTÜSTİK QAZAQSTAN <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасы		044-73/11-96
Силлабус		16 беттің 8 беті

20	Шаруашылық объектісінің азаматтық қорғанысы.	Шаруашылық объектісінің азаматтық қорғанысы – Шаруашылық объектісінің азаматтық қорғанысын (оқу орындарын) ұйымдастырудың құрылымы және оның міндеттері. Азаматтық қорғанысының әскери емес құрылымдар қызметі және жабдықталуын;	3
21	Ядролық қару және оның сипаттамасы. Химиялық қару.	Ядролық қару және оның сипаттамасы – Ядролық жарылыстардың түрлері. Ядролық жарылыстың зақымдаушы факторлары және олардан қорғану тәсілдері. Ядролық зақымдау ошағы және оның сипаттамасы. Химиялық қару – Химиялық қару және оны қолдану белгілері. Улаушы заттар, олардың улағыш қасиеті және олардан қорғану тәсілдері туралы қысқаша түсінік. Химиялық зақымдау ошағы, зақымдаудың алғашқы және екінші аумағын;	2
22	Биологиялық (бактериологиялық) қару. Тыныс алу мүшелерін қорғау құралдары.	Биологиялық (бактериологиялық) қару – Биологиялық (бактериологиялық) қару, оның зақымдаушы әсері, қолдану белгілерін анықтау. Тыныс алу мүшелерін қорғау құралдары – Жалпыәскери газтұмылдырық, оның атқаратын қызметі және құрылысы.	3
23	Теріні қорғаудың жеке құралдары. Ұжымдық қорғану құралдары.	Теріні қорғаудың жеке құралдары – Теріні қорғауға арналған қарапайым құралдар, қосымша герметизациялау және сіндіру арқылы олардың қорғаныс қасиеттерін арттыру. Арнайы қорғаныс киімінің (Л-1 жеңіл қорғаныс кеудеше, сүзгілі қорғаныс киімі, жалпыәскери қорғаныс жабдығы) атқаратын қызметімен және оларды пайдалану ережелерімен танысуды;	2
24	Қауіпсіздік негіздері және қауіптерді жіктеу.	Қауіпсіздік негіздері және қауіптерді жіктеу – Қауіптердің негізгі ұғымдары мен жіктелуі. Техника қауіпсіздігі, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау қауіпсіздігі;	3
25	Қоршаған орта мен адамның қауіпсіздігі. Техногендік сипаттағы қауіптілік.	Қоршаған орта мен адамның қауіпсіздігі – Физикалық, химиялық және биологиялық факторлар арқылы адам денсаулығына әсер ету;	2



<p style="text-align: center;">OÑTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>		<p style="text-align: center;">  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» </p>	
«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасы		044-73/11-96	
Силлабус		16 беттің 9 беті	
26	Экологиялық қауіпсіздік.	Экологиялық қауіпсіздік – Ауа және су құрамының ластануы. Минералды тыңайтқыштар мен пестицидтерді пайдалану. Топырақтың ластануы;	3
<b>Оқу-далалық жиынының тақырыптық жоспар</b>			
<b>1 бөлім. Тактикалық дайындық</b>			
27	Әскери бөлімнің (бөлімшенің) қару-жарағы және әскери техникасы. Бөлімшенің ұрыстық және жорықтық орналасу тәртібі.	Әскери бөлімнің (бөлімшенің) қару-жарағы және әскери техникасы – Әскери бөлімнің (бөлімшенің) қарулануымен және әскери техникасымен, олардың атқаратын қызметтерімен, техникалық-тактикалық сипаттамаларымен танысу.	2
28	Қорғанудың дербес құралдарын қолдануға жаттығу. Ұрыстағы сарбаздың әрекеттері. Қорғаныстағы сарбаз.	Бөлімшенің ұрыстық және жорықтық орналасу тәртібі – Бөлімшенің ұрыстық және жорықтық орналасу тәртібі. Ұрыстағы сарбаздың міндеттері. Бөлімшені басқаруды; Ұрыстағы сарбаздың әрекеттері – Сарбаздың ұрыс кезінде жаяу әрекет ете отырып қозғалу тәсілдері.	3
29	Шабуылдағы сарбаз. Бақылаушы сарбаз.	Шабуылдағы сарбаз – Шабуылға дайындалған кезде орындалатын әрекеттер. Жүріп келе жатып шабуылдау кезіндегі сарбаздың колоннада қозғалуы және бөлімшенің ұрыстық сапындағы өз орнын алуы.	2
30	Шолушы сарбаз.	Шолушы сарбаз – Шолушы болып тағайындалған сарбаздың әрекеттері. Шолушылардың қозғалу, жергілікті жерді және заттарды шолу тәсілдері.	3
<b>2 бөлім. «Атыс дайындығы»</b>			
31	Калашников автоматын жартылай бөлшектеу Атуға ыңғайлануға жаттығу (АК-74, пневматикалық және жинақтау жаттығулары.	Калашников автоматын жартылай бөлшектеу және жинақтау жаттығулары – Автоматты жартылай бөлшектеу және жинақтау, автоматтың бөлшектері мен механизмдерінің оқтауға дейінгі орналасу қалпын және ату кезіндегі бөлшек механизмдерінің жұмыс істеуімен танысуды;	2
32	Қол гранаталарын лақтыру. Автоматтан (пневматикалық винтовкадан) ату.	Қол гранаталарын лақтыру – Жарықшақты қол гранаталарын және танкіге қарсы гранаталарды лақтыруды;	3
<b>3 бөлім. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері, басқа әскерлер және әскери құрылымдарының жалпыәскери жарғылары.</b>			
33	Әскери бөлімнің (бөлімшенің) орналасуы, өмірі және	Әскери бөлімнің (бөлімшенің) орналасуы, өмірі және күнделікті тұрмыс-тіршілігі –	2

OÑTÜSTİK QAZAQSTAN <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасы	044-73/11-96
Силлабус	16 беттің 10 беті

	күнделікті тұрмыс-тіршілігі. . Рота бойынша тәуліктік кезекшінің міндеттері.	Әскери бөлімнің (бөлімшенің) тарихы. Әскери қызметшілердің орналасуы. Ақпараттық-тәрбие жұмысына арналған бөлме. Қару сақтауға арналған бөлме. Сарбаз асханасы, спорт базасы, оқу қалашықтарын.	
34	Сақшының міндеттері. Бекеттегі сақшының міндеттері және орындайтын әрекеттері.	Сақшының міндеттері – Қарауылдық қызметке тағайындалу және қарауылдың атқаратын міндеттері. Бекет және оны жабдықтау, жарақтандыру. Бекетке шабуыл жасалған кездегі сақшының әрекеттерін. Қаруды қолдану тәртібін; Бекеттегі сақшының міндеттері және орындайтын әрекеттері – Қаруды оқтау тәртібі. Бекетте тұрған сақшы қаруының орналасу қалпы.	3
<b>4 бөлім. Саптық дайындық.</b>			
35	Әскери сәлемдесу. Саптан шығу және қайта сапқа тұру.	Әскери сәлемдесу – Бір орында және қозғалыс кезінде орындалатын әскери сәлемдесулерді; Саптан шығу және сапқа қайта тұру – Саптан шығу және сапқа қайта тұру. Бастыққа келу және одан кетуді;	2
36	Саптық тәсілдер және қарумен орындалатын қимылдар.	Саптық тәсілдер және қарумен орындалатын іс-қимылдар – «Автоматты кеудеге!», «Белдікке!», «Қаруды қой!», «Қаруға!», «Қаруды!» тәсілдерін орындауды;	3
37	Бөлімшенің сабы.	Бөлімшенің сабы – Бөлімшені өрістетілген сапқа және жорықтық сапқа тұрғызу. Бөлімшені өрістетілген саптан жорықтыққа сапқа тұрғызу және қайтадан өрістетілген сапқа тұрғызу. Бөлімшенің жинақталуы және жазылуын қамтиды.	2
<b>5 бөлім. Әскери топография.</b>			
38	Азимут бойынша қозғалыс.	Азимут бойынша қозғалыс – Көкжиек тұстарын және магнитті азимутты анықтауға жаттығу. Азимут бойынша қозғалысты қамтиды.	2
	№2 Аралық бақылау.	Саптық дайындық тәсілдері.	1
	Қорытынды бақылау	18-38 тақырыптар бойынша тест тапсырмаларын орындау.	1
	<b>Пәннің жалпы сағат саны</b>		<b>96 сағат</b>

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасы	Силлабус	044-73/11-96 16 беттің 11 беті

### 3.10. Әдебиеттер және оқу құралдардың тізбесі:

#### Негізгі:

А.Н.Рыспаев, Е.Б.Адельбаев, Н.Т.Асипов, А.И.Рихтер, А.М.Ерекешев, А.С.Усербаев, Ж.А.Саткулов, С.К.Куптилеуова. , Алғашқы әскери және технологиялық дайындық- 1 бөлім, 10 сыныптарға арналған оқулық Кокшетау «Келешек-2030»,2019 ж.

E-mail: [torg@keleshek-2030.kz](mailto:torg@keleshek-2030.kz)

А.Н.Рыспаев, Е.Б.Адельбаев, Н.Т.Асипов, А.И.Рихтер, А.М.Ерекешев, А.С.Усербаев, Ж.А.Саткулов, С.К.Куптилеуова. , Алғашқы әскери және технологиялық дайындық оқу-далалық (лагерлік) жиыны - 2 бөлім, 10 сыныптарға арналған оқулық , Кокшетау:«Келешек-2030», 2019 ж.

E-mail: [torg@keleshek-2030.kz](mailto:torg@keleshek-2030.kz)

А.Б. Тасбулатов, Д.К. Майхиев, Е.Ж. Акимбаев, О.Ж. Мамырбаев Алғашқы әскери және технологиялық дайындық»- 1 бөлім, 10 сыныптарға арналған оқулық - Алматы «Мектеп» 2019 ж

<https://www.okulyk.kz/> [mektep@mail.ru](mailto:mektep@mail.ru)

А.Б. Тасбулатов, Д.К. Майхиев, Е.Ж. Акимбаев, О.Ж. Мамырбаев Алғашқы әскери және технологиялық дайындық оқу-далалық жиыны - 2 бөлім, 10 сыныптарға арналған, Алматы «Мектеп» 2019

<https://www.okulyk.kz/> [mektep@mail.ru](mailto:mektep@mail.ru)

В.А. Лим, А.В. Гудков , Алғашқы әскери және технологиялық дайындық», 11 сыныптарға арналған оқулық-Алматы «Мектеп» 2019 ж

#### Оқытуға ұсынылатын құралдар тізімі:

1.Мультимедиалық жабдық.

2.Электронды оқулық.

### 3.11. Пәнді оқытудың түрлері/әдістері/технологиялары:

**Теориялық сабақтар** – ақпараттық, дәріс-презентация, блиц-сауалнама, әңгіме, ауызша сұрау, жұптасып жұмыс жасау, топтасып жұмыс жасау, тест тапсырмаларын шешу, тақырып сұрақтарын талқылау; шағын топпен жұмыс, пікірталас, бағыт беру, эссе жазу, мәтін құрастыру, презентация, кеспе қағаздарымен жұмыс, пікір талас.

### 3.12. Білімді бағалаудың критерийлері және ережелері:

**Ағымдық бақылау:** ауызша сұрақ жауап жүйесінде жүргізіледі.

**Аралық бақылау:** саптық жаттығулар 9 және 19 аптасында өткізіледі.

**Қорытынды бақылау;** «Прокторинг» платформасының қолданылуымен Платонус ААЖ-де тестілеу, ауызша емтихан .

-Білім алу нәтижелерінің суммарлық бағалануы пәннің бағдарламасына (силлабусқа) сай қойылған ағымды бағалар негізінде жүргізіледі.

Платонус бағдарламасымен автоматты түрде есептелген жіберілу рейтингі (ағымды және аралық бақылаулардың ортақ баллы) қорытынды бағасы ретінде алынады. Бағалы сынақ саптық жаттығулар арлық алынады. Саптық жаттығулармен алынған бағалы сынақ бағасын бағасын пән оқытушысы Платонус ААЖ-ға қояды.

**Қорытынды бақылау:** диф.сынақ

Бағалы сынақ саптық жаттығулармен тапсырылады. Бағалы сынақ пәннің бағдарламасын толық меңгерген және үлгерім рейтингісін алған білім алушылар ғана жіберіледі. Үлгерім рейтингтік бағасы мен емтиханның нәтижелерінің қосындысынан шығатын әр пән бойынша қорытынды баға анықталады, бұл жердегі 60% -жіберілу рейтингтік бағасы, 40% - емтихан нәтижесі болып табылады.

Әріптік жүйемен бағалау	Баллдың сандық эквиваленті	Пайыздық өлшем	Дәстүрлі жүйемен бағалау
-------------------------	----------------------------	----------------	--------------------------

OÑTÜSTİK QAZAQSTAN <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасы	044-73/11-96
Силлабус	16 беттің 12 беті

A	4,00	95-100%	Өте жақсы
A-	3,67	90-94%	
B+	3,33	85-89%	Жақсы
B	3,00	80-84%	
B-	2,67	75-79%	
C+	2,33	70-74%	Қанағаттанарлық
C	2,00	65-69%	
C-	1,67	60-64%	
D+	1,33	55-59%	
D	1,00	50-54%	Қанағаттанарлықсыз
F	0,00	0-49%	

### 3.13.1. Пәннің оқыту нәтижелерін бағалау критерийлері

ОН №	Оқыту нәтижелерінің атауы	Қанағаттанарлықсыз	Қанағаттанарлық	Жақсы	Өте жақсы
БК1.1	Өзін-өзі дамыту: оқуды ұзақ мерзімді жоспарлау, кәсіби өсу дағдыларын меңгерген.	1) Орфографиялық және орфоэпиялық нормаларды жазу, сөйлеу әрекетінде қолдана алмайды; 2) тілді меңгерудің орта деңгейіне арналған лексикалық тілдік бірліктерді коммуникативтік қатынастарда қолдана алмайды; 3) орта деңгейге арналған грамматикалық формаларды, лексикалық тілдік бірліктерді ерекшеліктерін ескермей, осы деңгейге сәйкес сұхбатқа қатыса алмайды.	1) Орфографиялық және орфоэпиялық нормаларды жазу, сөйлеу әрекетінде қолдануды біледі; 2) тілді меңгерудің орта деңгейіне арналған лексикалық тілдік бірліктерді коммуникативтік қатынастарда қолдануды біледі; 3) орта деңгейге арналған грамматикалық формаларды, лексикалық тілдік бірліктерді ерекшеліктерін ескермей, осы деңгейге сәйкес сұхбатқа қатыса алмайды.	1) Орфографиялық және орфоэпиялық нормаларды жазу, сөйлеу әрекетінде қолдануды меңгерген; 2) тілді меңгерудің орта деңгейіне арналған лексикалық тілдік бірліктерді коммуникативтік қатынастарда қолдануды біледі; 3) орта деңгейге арналған грамматикалық формаларды, лексикалық тілдік бірліктерді ерекшеліктерін ескермей, бірақ осы деңгейге сәйкес сұхбатқа қатыса алады.	1) Орфографиялық және орфоэпиялық нормаларды жазу, сөйлеу әрекетінде сауатты қолдана алады; 2) тілді меңгерудің базалық деңгейіне арналған лексикалық тілдік бірліктерді нақты коммуникативтік қатынастарда қолдана алады; 3) орта деңгейге арналған грамматикалық формаларды, лексикалық тілдік бірліктерді стильдік ерекшеліктерді сактай отырып, осы деңгейге сәйкес сұхбатқа қатыса алады.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасы		044-73/11-96
Силлабус		16 беттің 13 беті

			ерекшелікте рді ескермей, осы деңгейге сәйкес сұхбатқа жартылай қатысады.		
БҚ1.2	Сыни ойлау және шешім қабылдау: мәселелерді және ықтимал шешу жолдарын анықтайды, гипотезаны тексереді және оқиғалардың ықтималдығын бағалайды, қортынды жасайды және негізделген шешімдерді қабылдайды.	1) Қазақ тіліндегі әлеуметтік маңызы бар мәселелерді талқылауға қатыса алмайды; 2) өзінің жеке ниеттері мен қажеттіліктерін жүзеге асыра алмайды, оларды лексика-грамматикалық және прагматикалық тұрғыда жеткізе алмайды; 3)Сұхбаттасушылардың іс-әрекеттеріне баға бере алмайды, өз көзқарасын білдіре алмайды, оны дәлелдей алмайды.	1) Қазақ тіліндегі әлеуметтік маңызы бар мәселелердің бар екендігін біледі; 2) өзінің жеке ниеттері мен қажеттіліктерін жүзеге асырады бірақ лексика-грамматикалық және прагматикалық тұрғыда толық жеткізе алмайды; 3)Сұхбаттасушылардың іс-әрекеттеріне өздігінен баға бере алмайды, өз көзқарасын білдіре алады, бірақ дәлелдей алмайды.	1) Қазақ тіліндегі әлеуметтік маңызы бар мәселелерді талқылауға қатыса алады; 2) өзінің жеке ниеттері мен қажеттіліктерін жүзеге асырады лексика-грамматикалық және прагматикалық тұрғыда түсіндіре алады; 3)Сұхбаттасушылардың іс-әрекеттерін өздігінен бағалай алады, өз көзқарасын айта алады.	1) Қазақ тіліндегі әлеуметтік маңызы бар мәселелерді талқылай алады; 2) өзінің жеке ниеттері мен қажеттіліктерін жүзеге асыра алады, оларды этикалық, лексика-грамматикалық және прагматикалық тұрғыда жеткізе алады; 3)Сұхбаттасушылардың іс-әрекеттеріне баға бере алады, өз көзқарасын білдіре алады, оны дәлелдей алады.
БҚ 2.1	Қоғамдық өмір: қоғамдық өмірге белсенді қатысады. Коммуникативтік дағдылар:	1) Кәсіби қарым-қатынас жағдайына сәйкес ақпарат сұрай және хабарлай	1) Кәсіби қарым-қатынас жағдайына сәйкес ақпарат	1) Кәсіби қарым-қатынас жағдайына сәйкес ақпарат сұрай және хабарлай біледі; 2)Түрлі	1) Кәсіби қарым-қатынас жағдайына сәйкес ақпарат сұрай

OÑTÜSTİK QAZAQSTAN <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасы	044-73/11-96
Силлабус	16 беттің 14 беті

БҚ 3.1	жағдайды ескере отырып, әртүрлі адамдармен тиімді қарым-қатынасты көрсетеді. Топпен жұмыс істеу дағдысын қолданғаны, алған білім негізінде оқу экспериментін жүргізгені үшін қойылады	алмайды; 2)Түрлі дереккөз-дерді пайдалана алмай, әңгімелескен адамды дәлелсіз сендіре алмайды. 3) Сөйлеу барысында сөйлеушінің мақсатын анықтай алмайды және прагматикалық талдау жасай алмайды.	сұрауды және хабарлауды түсінеді; 2)Түрлі дереккөз-дерді біледі, әңгімелескен адамға өз ойын жеткізеді; 3) Сөйлеу барысында сөйлеушінің мақсатын анықтай алады, бірақ прагматикалық талдау жасай алмайды	дереккөздерді пайдалана отырып, әңгімелескен адамдарға дәлелмен түсіндіре алады; 3) Сөйлеу барысында сөйлеушінің мақсатын біледі және прагматикалық талдауды түсінеді.	және хабарлай алады; 2)Түрлі дереккөз-дерді пайдалана отырып, әңгімелескен адамды дәлелдер арқылы сендіре алады; 3) Сөйлеу барысында сөйлеушінің мақсатын анықтай алады және прагматикалық талдау жасай алады.
-----------	---	--	--	---	--

### Аралық бақылауды ауызша бағалау критерийлері

Бақылау түрі	Бағалау	Бағалау критерийлері
Саптық жаттығулар	<b>Өте жақсы</b> А (4,0; 95-100%); А- (3,67; 90-94%) бағаларына сәйкес келеді	Егер білім алушы жауап беру кезінде сұрақтар бойынша тапсырманы еркін меңгеріп, өз ойларын анық, жеткізе алса қойылады. Оқылатын пән бойынша жауапты нақты деректермен дербес баяндап, дәлелдермен дербес талдап жасап және оларға сыни бағасын береді, басқа пәндердің ғылыми жетістіктерін қолданады. Әр сұрақтар бойынша дұрыс жауаптардың баллдық жүйесі 86-100% береді.
	<b>Жақсы</b> В+ (3,33; 85-89%); В (3,0; 80-84%) В- (2,67; 75-79%) бағаларына сәйкес келеді	Егер білім алушы жауап беру кезінде өз жауаптарын жинақтап, талдап жинақтай білсе, талаптарға сәйкес баяндалса, алған білімін қолданас алса, оқытушының көмегімен бағдарламалық материалды жүйелей алған жағдайда қойылады.
	<b>Қанағаттанарлық</b> С+ (2,33; 70-74%) С (2,0; 65-69%) С- (1,67; 60-64%)	Егер білім алушы жауап беру кезінде негізгі ұғымдарды біліп, жауап беру кезінде пайдалана алмаса, принципіальды қателер жібергенде, материалды жүйелеуде үлкен қиындықтарға



OÑTÜSTIK QAZAQSTAN <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасы	044-73/11-96
Силлабус	16 беттің 15 беті

	D+ (1,0; 50-54%) бағаларына сәйкес келеді	кездескен жағдайда қойылады.
	<b>Қанағаттанарлықсыз</b> F (0; 0-49%) бағаларына сәйкес келеді	Егер білім алушы жауап беру кезінде материалдың негізгі мазмұнын игере алмаса, қорытынды мен жинақтап айта алмаса, принципиальды қателіктер жіберсе, өрескел стилистикалық және логикалық қателіктермен жауап берген жағдайда қойылады.

### Бағалы сынақ нәтижелерін әзірленген жаттығулармен бағалау критерийлері

Бақылау түрі	Бағалау	Бағалау критерийлері
Ауызша	<b>Өте жақсы</b> A (4,0; 95-100%); A- (3,67; 90-94%) бағаларына сәйкес келеді	Егер білім алушы жауап беру кезінде ешқандай қателіктерді жібермеген жағдайда қойылады. Оқылатын пән бойынша теорияларға, тұжырымдамаларға және бағыттарға сүйенеді және оларға сыни бағасын береді, басқа пәндердің ғылыми жетістіктерін қолданады. Тест бойынша дұрыс жауаптардың 86-100% береді.
	<b>Жақсы</b> B+ (3,33; 85-89%); B (3,0; 80-84%) B- (2,67; 75-79%) бағаларына сәйкес келеді	Егер білім алушы жауап беру кезінде өрескел қателіктер жібермесе, принципіальды емес немесе білім алушылардың өздері түзеген принципіальды қателер жіберсе, оқытушының көмегімен бағдарламалық материалды жүйелей алған жағдайда қойылады. Тест бойынша дұрыс жауаптардың 75-85% береді.
	<b>Қанағаттанарлық</b> C+ (2,33; 70-74%) C (2,0; 65-69%) C- (1,67; 60-64%) D+ (1,0; 50-54%) бағаларына сәйкес келеді	Егер білім алушы жауап беру кезінде нақты емес және принципіальды қателер жібергенде, оқытушы көрсеткен оқу әдебиеттермен шектелсе, материалды жүйелеуде үлкен қиындықтарға кездескен жағдайда қойылады. . Тест бойынша дұрыс жауаптардың 50-74% береді.
	<b>Қанағаттанарлықсыз</b> F (0; 0-49%) бағаларына сәйкес келеді	Егер білім алушы жауап беру кезінде принципіальды қателіктер жіберсе, сабақ тақырыбы бойынша негізгі әдебиеттермен жұмыс жасамаса, пәннің ғылыми терминологиясын қолдана алмаса, өрескел стилистикалық және логикалық қателіктермен жауап берген жағдайда қойылады. Тест бойынша дұрыс жауаптардың 50% кем береді .

OÑTÜSTIK QAZAQSTAN

**MEDISINA  
AKADEMIASY**

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ



SOUTH KAZAKHSTAN

**MEDICAL  
ACADEMY**

АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»

«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасы

Силлабус

044-73/11-96

16 бетің 16 беті